



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. Необходимость совместного решения проблем нестабильности мировой экономики, включая мировую валютную систему, мировые рынки валют, кредитов, ценных бумаг, золота.

Специфическими причинами создания региональных банков развития развивающихся стран явились: завоевание политической независимости этими странами; повышение их роли в мировом развитии; тенденция к региональному сотрудничеству и экономической интеграции в целях решения проблем национальной экономики.

Международные финансовые институты преследуют следующие цели:

- объединить усилия мирового сообщества в целях стабилизации международных финансов и мировой экономики;
- осуществлять межгосударственное валютное и кредитно-финансовое регулирование;
- совместно разрабатывать и координировать стратегию и тактику мировой валютной и кредитно-финансовой политики [11, С.12].

Степень участия и влияния отдельных стран в международных и финансовых институтах определяется величиной их вноса в капитал, так как обычно применяется система «взвешенных голосов». Изменение соотношения сил во всемирном хозяйстве, в частности возникновение в 60-х годах трех центров (США, Западная Европа, Япония) в противовес послевоенному американоцентризму, отражается в деятельности международных финансовых институтов. Так, страны ЕС добились права вето по принципиальным вопросам, усилив свое влияние в МВФ. В деятельности этих институтов проявляются две тенденции взаимоотношений трех центров - разногласия и партнерство по глобальным проблемам международных финансов промышленно развитых государств, развивающихся стран, России, республик бывшего СССР, стран Восточной Европы.

Список использованных источников

1. Максимо Энг. Мировые финансы. – М., 2008.- С.460.
2. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения. – М.: Финансы и статистика, 2009. - С.342.
3. Метелкина Н.К. Мировое хозяйство и его регулирование. – М.: Издательство «Станкин», 2009. - С.328.
4. Мовсесян А.Г. Современные аспекты транснационализации: информационно-финансовый подход // Финансы. - 2007. - №9.
5. Мясникович М. Предпосылки создания ФПГ с СНГ и Республике Беларусь // Проблемы теории и практики управления. - 2008. - №4.
6. Сарчев А. М. Ведущие коммерческие банки в мировой экономике. - М.: Финансы. – 2012. - С.43-49.
7. Николаева И.П. Мировая экономика. – М.: ЮНИТИ, 2010. – 570 с.
8. Погорлецкий А.И. Экономика зарубежных стран. – СПб.: Изд-во В.А. Михайлов. – 2011. – 492 с.
9. Раджабова З.К. Мировая экономика. – М.: Инфра-М., 2012. - 320 с.
10. Кудров В.М. Мировая экономика: социально-экономические модели развития. – М.: Магистр, 2009. - 399 с.
11. Кудрявцев В.М. Мировая экономика. - М: Юстицинформ, 2009. - 512 с.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КАДРЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ИМИДЖІ

Хасенов Нурлыхан Жайылканович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Журналистика және саясаттану факультеті,
саясаттану мамандығының 1-курс магистранты

Бір ойшыл кезінде заңдардың қоғам дамуымен байланысын былай суреттеген екен: «Кез келген заң өскелең адамға пішілген киім секілді болуы тиіс. Егер ол бүгінгі күнге ғана пішілсе, адам өсе келе, киім тарылып, қиындық туғызады. Егер ол тым кең пішілген болса, адам киіміне шалынып, құлайды». Олай болса, қоғам, адам, заң және біздің жағдайымызда имиджде өзгеріске ұшырайтыны белгілі. Осыған дейін мемлекеттік қызметте имидж ұғымы таңсық болмағаны белгілі, дегенмен оның қалыптасу үдерісіне мән бергеніміз жөн болар. Сонымен, мемлекеттік қызмет саласындағы қызметшілердің имиджі қандай?

Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау бойынша мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметкерлердің қызметі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық үрдістерді реттеуге, мемлекеттің бір тұтастығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін жүзеге асыруға икемделген. Бүкіл әлемде мемлекеттік сектор басты назарда және қоғам өмірінің басында тұр. Мемлекеттік қызмет үшін беделдің маңызды функционалдық және мәртебелік маңызы бар. Ол халықтың және мемлекетпен жүргізілетін басқарушылық қызметінің тиімділігін бағалау критерийлерінің сенімділік деңгейінің көрсеткіштері болып табылады. Қазіргі таңда мемлекет мемлекеттік қызметтің беделін арттырудың қажеттілігіне қатысты мәселелерге ерекше көңіл аударады. Елбасының 1997 жылғы «Қазақстан – 2030» стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауында шағын жоғары кәсіби мемлекеттік аппарат, мемлекеттік қызметке қабылдау мен қызметтік өсуде мемлекеттік қызметшілердің сіңірген еңбегін ескеру – меритократия жүйесін ендіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықпен күресті күшейту, қоғамда мемлекеттік қызметтің беделін көтеру, халық пен Отанға мемлекеттік қызметшілердің адал және таза, мінсіз қызмет етуі сияқты стратегиялық бағыттар айқындалып, мемлекеттік қызметке алғаш реформа жасалды [1, 4].

Мемлекеттік қызмет имиджі тұтастай алғанда мемлекеттік қызметші имиджіне тікелей байланысты, өйткені мемлекеттік билік органдарына сенім мәселесі қызметкер имиджімен байланысты, болмаған жағдайда мемлекеттік билік органдарының қызметі тиімсіз болып табылады. Осы уақытта мемлекет мемлекеттік қызметшілердің имиджін көтеру қажеттілігіне қатысты мәселелерге үлкен назар аударып отыр.

Имидж (ағылшынның image сөзінен) – тұлғалардың анықталған тобына эмоционалдық – психологиялық ықпал ететін, мақсатты бағытта қалыптастырылған (тұлғаның, ұйымның, көріністердің) бейне. Мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыру - ауыр және ұзақ процесс. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру процесінің өзі атқарушы биліктің имидждік саясатымен тығыз өзара байланыста. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджіне көрінетін негізгі жағдайлар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінде анықталған. Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекеттің тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігі мен моралдық-этикалық келбетіне үлкен талаптар қойылады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметші - мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы [2, 3].

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» ХДП Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумында мынадай этикалық нормаларды айтып өтті, олар қоғамдық сенім деңгейін сақтауға және арттыруға мүмкіндік береді:

1. Мемлекеттік қызметші билікке және өкілеттілікке иелік ете білу, бұл ретте адал болу тиіс.

2. Мемлекеттік қызметте өз игілігіне емес, мемлекет игілігіне қызмет ету керек, мемлекет қаражатын өз қалтасымен шатастырмау керек.

3. Шенеунік «Қалай өмір сүріп жатырсың?» деген сұрақтан жасқанбай өмір сүруі керек, себебі виллалары, оның айналасындағы биік дуалдары және қымбат шетел көліктері түсірілген суреттердің пайда болуына негіздердің болмауы тиіс.

4. Заңдардың талаптарын толық сақтай отырып, өмір сүрген маңызды.

5. Әрбір деңгейде, әрбір қызметте қандай жағдайларда болмасын халықтың, өз елінің азаматтарының сенімін жоғалтып алмай қызмет ету керек.

6. Қазақстандық мемлекеттік қызметші әділдіктің, сыпайылықтың үлгісі болу керек, қауым арасында өзін ұстай білуі тиіс.

7. Ұжымды басқармас бұрын өзі бағына білуі тиіс, өз қызметкерлерінен талап ететінді алдымен өзі орындай білуі керек.

8. Мемлекеттің мүддесіне нұқсан келтірілетін немесе жемқорлық әрекет әзірленгенін көрсе, дереу араласу, шара қолдану керек[3, 8].

Алайда қоғамдық сұраныстың өсуі және мемлекеттің алдына қойған талаптары мен міндеттерінің өзгеруі мемлекеттік қызметте екінші реформаны жүргізуге негіз болды. Оның үстіне Мемлекеттік қызмет істері агенттігі лауазымға іріктеу шараларын одан ары жетілдіре түсуді, мемлекеттік органдардың кадрлық қызметінің мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету керек екенін түсінді. Себебі мемлекеттік органға келген жаңа басшылық өз командасымен бұрынғылардың мемлекеттік қызметтен «ерікті-еріксіз» кетуіне әкеліп соқты. ҚР Президентінің Жарлығымен 2011 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы қабылдануымен мемлекеттік қызметтің екінші реформасы басталып кетті[4]. Реформаның екінші кезеңінде кадрларды іріктеу мен мансаптық қозғауда тек қана ашықтық пен демократиялық әдіспен, яғни олардың сіңірген еңбегі мен лайықтылығын ескере отырып, меритократиялық қағида негізінде, жетілдірілген мемлекеттік қызмет үлгісін жасақтау қажеттілігі тұрды. Меритократия қағидатына негізделген жаңа қазақстандық мемлекеттік қызмет үлгісі «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңының (2012 жылдың 14 желтоқсанындағы толықтырулар мен өзгертулерімен) күшіне енген күнінен, яғни 2013 жылдың 26 наурызынан бастап шын мәнінде жұмыс жасай бастады. Аталған заңда төмендегідей мәселелерге басымдық берілді:

- кадрларды іріктеу мен мансаптық қозғауда (сіңірген еңбегіне мән беру) меритократия қағидасын күшейту,

- басқарудың «А» корпусын құру,

- персоналды басқару тетіктері мен институтын жетілдіру,

- кадрлық қызметтің құзыреті мен мәртебесін көтеру,

- тәртіптік және этикалық бақылауды күшейту,

- мемлекеттік қызметшінің мәдениетін жетілдіру. Заңдағы аталған жағдайларды жүзеге асыруда Агенттік 25 құқықтық-нормативтік актілердің жобасын жасады. Осының негізінде ҚР Президентінің – 18 Жарлығы, ҚР Үкіметінің – 1 Қаулысы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының – 6 Бұйрығы қабылданды[5]. Мемлекеттік қызметшінің мәдениетін жетілдіру бойынша басымдық мемлекеттік қызметші имиджін қалыптастырудың кезекті көрінісі ретінде айта аламыз. Сонымен ішінде, мемлекеттік қызмет бейнесін қалыптастыруда, қызметкерлердің арасындағы қарым-қатынас жұмыс барысының міндеттерін сапалы орындау үшін өзара жауапкершілігіне, қызметтік борышқа адалдыққа, шынайылыққа және сындарлылыққа негізделуі тиіс. Осы арада басшылық тарапынан атқарылатын міндеттемелерді айта кеткен жөн:

1) ұжымда өзекті мәселелерді бірге шешу қабілетімен, жұмыстың жайлылығы деңгейімен, кеңпейіл және шынайы өзара қарым-қатынастармен, оң дәстүрлерімен сипатталуы тиіс қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қамтамасыз етуге;

2) қарауындағы қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарын этикалық нормалар негізінде реттеуге, егестікке, сыбыс пен өсек-аяңға, әділетсіздікке жол бермеуге;

3) кәсіби қызметтің әдістерін әзірлеуге, нормативтік құқықтық базаны нығайтуға, қарамағындағы қызметкерлерді нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етуге, олардың кәсіби деңгейін арттыруға қамқорлық жасауға тиіс.

Ал, ұжым жұмысын жандандырудағы қызметкерлер міндеттері мынадай:

1) ұжымдағы жайлы моральдық-психологиялық ахуалды қолдап, даулы жағдайлардың туындауына жол бермеуге;

2) өзінің бүкіл қызметімен ұжым беделін одан әрі дамытуға және нығайтуға ықпалын тигізуге;

3) сыбыс пен өсек-аяң таратудың, әріптестеріне біржақты қарым-қатынастың; өзінің мәнділігін және кәсібилігін мақтанып айтудың не асыра көрсетудің; жарамсақтықтың және екіжүзділіктің зиян келтіретінін білуге;

4) өзіне тапсырылған жұмысты адал ниетпен орындауға, құжаттармен және байыпты жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің 5 бөліміне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы келтірілген. Яғни, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстанулары, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілер қарапайымдылық танытуға, көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу кезінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп туғызбауға тиіс[6]. Кодексте көрсетілген қағидалар қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметші имиджінің біркелкілігін сақтауға бағытталады. Кейбір жағдайларда мемлекеттік қызметші келеңсіз әрекеті жалпы мемлекеттік қызмет жүйесінің жұмысына кері әсерін тигізіп жататыны белгілі. Сондықтан мемлекеттік кадрлық саясат қоғаммен тиімді байланысты орнату үшін шетелдік тәжірибеде сыннан өткен жобаларды жүргізіп, сонымен қоса ұлттық ерекшелігімізді ескеретін болса, жағымды имидж жасауда үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған мемлекеттік қызмет реформасы тиімді кадрлық тетіктерді қалыптастыруды ұйғарады: мемлекеттік қызметке кірудің тиімді және айқын тәртібі, мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігі, жұмыс нәтижелері мен ынталандыру жүйесінің өзара байланысы. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, оның ішінде уақтылы хабардар ету және азаматтардың өтініштеріне ден қою, билік құрылымдарының қолайлы пікірін құру басым бағыт болып табылады. Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруда тиісінше мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және қоғаммен байланысты жолға қою негізгі бағыттар болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан Республикасы Президенті *Н.Ә.Назарбаевтың* Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 17 қазан 1997 жыл
2. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңы, -Алматы, 1999 жыл
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» ХДП-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумында сөйлеген сөзі
4. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы» - Астана, 2011 жыл
5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы // Егемен Қазақстан, 17 сәуір 2013 жыл

6. «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі N 1180 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 141-144 (26546);

327

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚР ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ФАКТОРЛАРЫ

Чинчалинов Ерик Кинжибекович

e-liga11@mail.ru

Л.Н.Гумилёв ат. ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана

Жаһандық экономикалық дағдарыс, интеграциялық үдерістерді жандандыру, нарық пен бәсекелестікті, инновациялар шегінің кеңістігін кеңейту, аймақтық кеңестердің халықаралық бағдарын күшейту экономикалық ынтымақтастық үшін жаңа жағдайлар қалыптастыруда. Халықаралық еңбек бөлінісіне елдің қатысуында Қазақстан жариялаған үдемелі индустрияландыру мен инновациялық даму курсы маңызды болып табылады. Осы жағдайларда, сыртқы экономикалық саясат факторларын бағалау және халықаралық экономикалық ынтымақтастық бағыты мен өлшемін таңдау үшін маңызды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының табыстылығы негізінен басқа елдермен сыртқы қарым-қатынастарының дамуы деңгейімен және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы түрімен анықталады. Қазақстанның шет елдермен экономикалық ынтымақтастық саясаты қазіргі жағдайда сыртқы қарым-қатынастардың стратегиясы мен даму бағыты сынды бірқатар факторларға байланысты қалыптасады.

Жаһандық факторлар, халықаралық қауымдастық және әлемдік экономика, қазіргі уақытта саяси және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар өзгеру жағдайында. Саяси трансформацияның алғышарттары «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы мен халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесінің күйреюі болып табылады. Кеңес блогының ыдырағаннан бастап халықаралық қатынастар көпқырлы өзара қызметтестік арқылы қалыптаса бастады. Әлемдік экономиканың трансформациясы, нәтижесінде жаңа экономикалық технологияларға экономикалық даму институттарының және механизмдердің сәйкес келмеуіне алып келген жаһандық дағдарыс пен технологиялық «қоңыраулар» салдары.

Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі саяси және экономикалық белсенді БРҰҚО және Латын Америкасы елдерінің; ресурс артықшылығы және саяси құрылымында ерекшелігі бар елдер - ОПЕК елдері; экономикалық қалыптаспаған мемлекеттер; АҚШ бастаған дамыған елдер тобының ықпалы арқасында қалыптасуда [1].

Басым әлемдік тәртіптің салдары ретінде дамушы елдер тобының, атап айтқанда Ресей мен Қытайдың және кәсіподақтардың, аймақтық экономикалық топтардың жаһандық экономикалық дамуға және жаһандық басқару процесіне, жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында экономиканы нарықтық реттеу принциптерін қайта қарауға; нарықтық тетіктерге; мемлекет шекарасын кеңейтуге аса ықпал етуін атуға болады [2].

Жаһандық дағдарыстың басты сабағының бірі - халықаралық және өңірлік экономикалық ынтымақтастықты нығайту, жаңа нарықтарды ашу болып табылады және олар мынадай үрдістерде көрінеді: дамушы елдер тобының өсуі және дағдарыс кесірінен арылу қарқыны G8-ден G20-ға форматына дейін өсуінің негізгі себебі және осы елдердің жаһандық мәселелерді шешуге ықпал етуінің күшеюінің басты факторлары болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі дәйекті сыртқы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту саясатын жүргізуде. 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары, Қазақстан – 2030 Стратегиясын жүзеге асырудың екінші кезеңі болып табылады. Келесі онжылдықта сыртқы қатынастарды кеңейту және мемлекеттік басқару тиімділігін